



Өз өлкеңді танып біл

Библиографиялық жолсілтеме

Балқаш қаласының 85 жылдығына арналған

**Жалпы білім беретін «Михаил Русаков атындағы
мектеп-интернат» кітапханасы**

Құрастырушы: Анитова
Светлана Аймағанбетқызы
мектеп кітапханашысы

Балқаш қаласы -2022



Құрметті балалар, ұстаздар, тарихымызда негізгі орын алатын тақырыптардың бірі-Туған жер, қала, ауыл, аудан тарихын зерттеп білу. Оның тарихи тұлғаларын, қоғам қайраткерлерін, ұлы адамдарын, тарихи кезеңдерін білу жас ұрпақтың қасиетті борышы болса, туған жердің тарихын білу ізденісті талап етеді.

Пай, пай, киелі мынау неткен жер?

Батырлар дүрілдеп өткен жер.

Тұлпарлар дүбірлеп өткен жер,

Ғашықтар бір-бірін өпкен жер.

Саралап сал-сері кеткен жер,

Бас иіп иіскеп топырағын

Тағынан таймай өткендер!-

деп Мұқағали Мақатаев ағамыз айтқандай, биыл сүйікті қаламыз – Балқаштың 85 жылдық мерейтойы.

Тарих - біздің істеріміздің
өткенінің куәсі, қазіргіміздің үлгісі
мен өнегесі, ал болашағымыздың
асыл қазынасы.

Мигель де Сервантес

Әр өңірдің өзінің тарихы мен өтпелі кезеңдері бар. ...

Балқаш қаласының тарихы сонау 1928 жылдан бастау алады. Осы жылы мұнда Ленинградтық инженер-геолог Михаил Петрович Русаков жетекшілік еткен экспедиция келеді. Қоңырат елді мекеніне келген геологтар, мұнда кен көзі бар екендігін анықтайды, «бұл жерде аса бай кен қоры бар, сондықтан оның негізінде мыс қорыту зауытын салуға болды» деген тұжырымға келеді. Кешікпей Қоңырат кен орынын игеру басталды...

11 сәуір 1937 жылы Қазақ Кеңестік Социалистік республикасының орталық атқару комитетінің шешімімен «Прибалхашстрой» поселкесі өзгертіліп Балқаш қаласы деп аталынады.

Балқаш қаласының қаланыуында, өңірдің жетілуіне өз үлестерін қосқан тұлғалар қанша, жаз бойы өз өңіріңнің тарихына көр жүгіртіп, тарихи тұлғалар туралы оқып білсек, нұр үстіне нұр болары сөзсіз...




Михаил Петрович Русаков Смоленск облысы Юхнов қаласында 1892 жылы 21 қарашада дүниеге келген.

1911 жылы Черкасск гимназиясын үздік бағамен бітіріп, Петербургтегі тау-кен институтына оқуға түседі. Өзінің еңбек жолын, геология саласында 1914 жылы Семей жерінде бастаған. Сол жылдардан бастап М.П. Русаков өз тағдырын Қазақстанмен, яғни қазақ жерімен байланыстырды, «Мен өзімді Қарт Қазақстандықпын деп санаймын, себебі қазақ елінің жер байлығы, табиғатының сұлулығы, менің жарты ғұмырымның осы жерде өтуіне қазақ халқының мейірбандығы себеп болды деп санаймын»- дейді. Русаков Оралда және Сібірде, қалған 30 жылдай өмірін қазақ жерінде тау-кен орындарын ашу жолына арнаған ғалым – геолог. М.П. Русаков еңбегі Қызыл Ту орденімен және Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталды. Ол экономист, геолог Қазақ ССР ғылымының академия мүшесі, қазақ жерінде елуден астам тау-кен және пайдалы қазба орындарын тапқан. М.П. Русаковтың толық түрде жасалған еңбектері мен қол жеткізген жетістіктері, қазіргі кездегі геологиялық тексерулерге кең жол аша отырып, оның ғылыми еңбегі бүгінгі күндегі мамандар үшін өте бір, маңызды - мағналы қызығушылық тудырады. М.П. Русаковты Балқаш халқы жақсы біледі...

1963 жылы біздің мектеп-интернатымызға Михаил Русаков аты берілді (1966 жылдан бастап музей ашылды).



130
жылдығы
қарсаңында





Кітапты қалай оқу керек?

Білеміз бе?

Кітап оқу бір басқа, оны түсініп оқу бір басқа.

*Яғни кітаптағы оқиганы сол күйінде қабылдай
салмай, астарына үңіліп отырып оқудың өзіндік
мәдениеті бар. Әрі бұл адамның ойлау қабілетін
дамытуға септігін тигізеді.*

ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ



Қаланың құрметті азаматы – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев елімізге танымал ірі тұлға, қоғам қайраткері. Еңбек жолын Қоңырат кенішінде бастады. Ол дипломын Қоңырат карьерінің қуаттылығын 90 мың тонна қара мыс беруге жеткізу жөнінде жазып, оны үздік бағамен қорғап шықты...


Қазақстанның гүлденуі мен өркендеуіне үлес қосқан Дінмұхамед Қонаев өте қарапайым, жұмысқа жаяу баратын, күзетшісіз жүретін ел басшысы болған. Ел басқарған тұста журналистермен кездесуге шектеу қойған. Мысалы, Қонаевтан сұхбат ала алмай кеткен тілшілердің қатарында BBC, Washington Post сынды ақпарат құралдарының өкілдері бар. Байырғы ата-бабасындай аңшылыққа қызыққан ол қарапайым 200 шаршы метр үйде тұрған. Тіпті, Брежнев келіп, үйін аралап, "барың осы ма" деп таң қалған екен. Ұлт тарихын зерделеуде кейінгі өскелең ұрпаққа ата тарихымыз бен оны жасаушы тұлғалар туралы, олардың артында қалған мұрасы мен келелі ой-тұжырымдарын зерттеп-білу, ұлт перзенттерін ұлықтау — абыройлы парыз.

«Адамға жазаның ең үлкені – жұмыссыз қалдыру», – деген ұлт тұлғасы елдің елдігі үшін аянбай еңбек етті.

Өмір жолын QR код арқылы оқып біл.



110 жылдығы



Оқыған кітапты есте ұстаудың жақсы тәсілі – оның мазмұнын, өзің байқаған артықшылығы мен кемшілігін қысқаша жазып қою.

Көркем шығарма болса, автордың айтқысы келген ойын түсінгеніңе қарай қысқаша талдаған жөн. Кітапқа шағын рецензия немесе талдау уақыт алмайды. Оқыған кітабыңның мазмұнын жазғанда, оқыған адамды ойлануға итермелейді. Ойланып отырып жазылған дүние есте сақталады.

КҮЛӘШ БӘЙСЕЙТОВА

Балқаш өңірінің, қазақ елінің бұлбұлы - Күләш Жасынқызы Бәйсейітоваға биыл 100 жыл. Күләш Жасынқызы Байсейітова 1912 жылы 2 мамырда Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Азан шақырып қойған есімі – Гүлбаһрам, қыз кезінде тегі Бейісова болыпты. Бала кезде анасы Зибажан оны еркелетіп "Куля" дейді екен, осылайша ол Күләш атанып кеткен.



24 жасында КСРО Халық әртісі атанған 1936 жылы бір топ өнер қайраткері қазақ мәдениетінің онкүндігін өткізу үшін Мәскеуге аттанады. Олардың арасында күміс көмей, бұлбұл үнді әнші Күләш Байсейітова да бар еді. Қазақтың бұлбұлының өнерін Үлкен театрда Сталиннің өзі тамашалайды. Сталин "операны грузиндерден де жақсы айта алатын қазақтың қызы бар екен-ау" деп, оның орындаушылық шеберлігін жоғары бағалапты. Сөйтіп Байсейітоваға Палиашвилидің "Даиси" операсындағы Мароның рөлін ұсынған. Саханаға шығудан еш қорықпаған Күләш осы партияны орындаған кезде біраз әбіржіген екен. Қазақ опера өнерінің негізін салушылардың бірі, қоғам қайраткері. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, бір-біріне ұқсамайтын кереғар образдар, иірім-қайырымы әр алуан вокальдық партиялар Күләштің көп қырлы, алауан сырлы дарын иесі екенін көрсетеді, концерттік әнші ретінде де дүние жүзіне танылған қайталанбас әнші бола білді.

Өмір жолын, шығармашылығын
QR код арқылы оқып біл.

100 жылдығы





*«Артық білім кітапта» деп Абай атамыз айтпақшы,
кітап оқу білім алудың жолы. Білім деген – білу деген.*

*Кітап оқып, білмегеніңді үйренгеніңмен,
сол білімді іске жарата алмасаң,*

білгеннің пайдасы жоқ.

Оқығаныңды пайдаға жарата білу керек.



Тарихқа көз жүгірсек, қаламыздың қақ төрінен орын алған ескерткіш – Ағыбай батырға арналған.

Қоңырбайұлы Ағыбай (1802-1885) – қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен әйгілі батыр, қолбасшы. Қазақ ханы Кенесары Қасымовтың Ресей отаршылығына қарсы жүргізілген көтеріліс басшыларының бірі. Туып өскен жері Қарағанды облысындағы Балқаш, Бетпақдала алабымен жапсарласып жатқан Арқаның Қызылтау, Ортау, Ақтау, Ұлытау деп аталатын сілемді таулары.

13 жасынан қолына қару алып, 1824 жылы Қарқаралы аймағында Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы көтеріліске белсене араласты. Қасым сұлтан қаза тапқаннан кейін Ағыбай батыр бастаған қазақ әскері Шу өзенінің бойында өзбектердің Түркістан өлкесіндегі билігін әлсіретті. Ағыбай батыр бастаған қол 1826–1846 жылдары аралығында Ресей әскерлерімен бетпе-бет шайқасып, бірнеше рет күйрете соққы берді. Ресей империясының Қазақстандағы тірек-орталықтары: Қарқаралы, Ақтау, Ақмола бекіністеріне шабуыл жасап, патша әскерлерін Ырғыз, Тобыл өзендері бойындағы ұрыстарда, Қызылжар, Көкшетау шайқастарында тас-талқан етіп жеңді.

Өмір жолын QR код арқылы оқып біл.

220 жылдығы





Академик Зейнолла Қабдолов

*«көркем шығарма оқыған адам бес түрлі
нақты сұраққа жауап іздеп табуы керек»*

деген екен.

Ол қандай сұрақтар:

- *Қандай оқиға болды?*
 - *Қалайша болды?*
- *Кімдердің басында болды?*
- *Болған оқиға қалайша баяндалған?*
- *Ол оқиғаға автордың көзқарасы қандай?*



Әлихан Жәңгіров қаламыздың қоғам қайраткері, Ұлы Отан соғынына қатысқан, білім саласының ардагері, қала өміріне еңбек сіңіргені үшін әр жылдары түрлі марапаттаулар алған: «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы жеңісі үшін» және «Тың жерлерді көтеруге қатысқан еңбегі үшін» медальдарының иегері. Қазақ КСР-інің және КСРО Мемлекеттік кәсіби білім беру комитетінің, облыстық партия, кеңес

органдарының бірнеше грамоталарымен марапатталған, Балқаш қаласының Құрметті азаматы Әлихан Жәңгірұлының өлеңдер жинағы, жергілікті елдің елеулі азаматтарына, Балқаш көліне, қаласына арналады.

Әлихан Жәңгірұлы 1922 жылы Алматы облысының, Балқаш ауданының №5 ауылында туған

Ә.Жәңгіров 1942 жылы Балқаш ауданынан әскер қатарына шақырылады. Алматыда жабдықталған 25-ші атқыштар дивизиясының құрамында болып, Тоцкое стансасы маңында әскери дайындықтан өткен соң, сержанттар дайындайтын 8-ші оқу-атқыштар полкінде кіші командир етіп қалдырылады. Осы полкте қоғамдық жұмыстар да атқарып, қабырға газетін шығарушы редактор, 2-батальонның комсоргы болады.

Жәңгіров Әлихан Жәңгірұлы 2014 жылы қайтыс болды. Шығармашылығымен QR код арқылы танысуға болады.

100 жылдығы



Мысты Балқаш, ырысты Балқаш, мекенім!

Қаланың 75 жылдығына арнау
мектеп-интернат оқушысы

Серіков Абай



Мысты Балқаш, ырысты Балқаш, мекенім,
Сенде туып, сенде өсіп, жетемін.

75 жыл мерейтоймен құттықтап,
Өзіңе арнап мен жырымды шертемін.

Халқың үшін болған бір кез басты арман,
Тарихың бар «Прибалхашстройдан» басталған.
Ал, бүгінгі кейпің сенің, туған жер,
Көркеюмен, гүлденумен жақсарған.

Тау гүліндей жайқалып сен, гүлдедің,
Асыр салған бәйге атындай жүлденің.
Мерейтойың құтты болсын, өр елім,
Мен өзіңмен әрқашанда біргемін

Мағауия Хамзин

Мағауия Хамзин Қазақстан Республикасының халық артисі, шертпе күйдің шебері, қаламыздың құрметті азаматы Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Мағауия Хамзин жеті жасында халық композиторы Әшімтай атасынан “Қоңыр қаз”, “Сылқылдақ”, “Саржайлау” күйлерін үйренеді. «Қосбасар» атты алғашқы күйін анасына арнап шығарады.

М.Хамзин 10 жасында Алматыда өткен



өнерпаз оқушылардың байқауына қатысып, бірінші рет халық алдына шығады. 1966 жылы Мағауия Хамзин өнердегі ерен еңбегі үшін, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген артисі атанып, 1979 жылы Қазақ КСР-інің халық артисі деген құрметті атаққа ие болды. Қазақстанның қай бұрышында болмасын Мағауия шертпе күймен

бірге, В.Моцарт, В.Монти, М.Огинский, П.Чайковский, К.Хачатурян, С.Рахманинов, И.Брамстың классикалық шығармаларын домбырада ойнаған. Сонымен бірге, Индия, Польша, Латвия, Қытай, Сирия, Монғолия, Германия, Венгрия, Канада сияқты шетелдің талғампаз көрермендерінің алдында қос ішекті домбырасын оркестрдей ойнатып өнер көрсеткен. 1988 жылы “Қазақконцерт” бірлестігінен құрметті зейнет демалысына шыққаннан кейін, Мағауия Хамзин туған жері Балқашқа келіп, өзінің өнер мектебін ашып, көптеген шәкірттер тәрбиеледі.

Шығармашылығымен QR код арқылы танысуға болады.



95 жылдығы



*«Біз тарихтан кемеңгерлікті,
поэзиядан — шешендікті,
математикадан — зеректікті,
жаратылыс ғылымдарынан — тереңдікті,
адамгершілік философиясынан — байыптылықты,
логика мен көсемсөзден — айтысу дағдысын үйренеміз.»*

Фрэнсис Бэкон



Бадиша Махатқызы

Бала жанының тамыршысы, ұлықты,
Жақсылыққа бастау алар тұрағы.
Тәрбиелі, білімімен іргелі,
Дана ойдың иесі ол - МҰҒАЛІМ!

Дүниедегі бақыт атаулының ішіндегі
ең бастысы — адам бақыты.

Қаншама шәкірт қолына бақыт кілтін ұстатқан Бадиша Махатқызы осындай бақытты жанның бірі. Бұл кісінің бір басында екі бақыт. Бірі — адам бақыты, екіншісі — ұстаз бақыты. Өз мамандығын шынайы сүйетін Бадиша Махатқызы 40 жылдан астам уақытын, күш-жігерін, білімін толығымен ұстаздық іске жұмсап келді. Михаил Русаков атындағы мектеп-интернатының басшысы 35 жыл болды. Енбегі бағаланып, 1967 жылы Қазақ КСР, ал 1987 жылы «КСРО Халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгілерімен, 1970 жылы «Еңбек ардагері», «Қажырлы еңбегі үшін» медальдарымен және Үкімет тарапынан 2002 жылы «Ерен еңбегі үшін» орденімен марапатталды. Балқаш қаламыздың Құрметті азаматы атағы 2004 жылы берілді. 26 сәуір 2021 жылы дүние салды.

Өмір жолын QR код арқылы оқып біл.

85 жылдығы







*Адам бойындағы
кемшіліктерін
оқу арқылы
толықтыруға
мүмкіндігі бар*

